



ҮКІМЕТ

БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Үкімет үйінде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың орта бизнес өкілдерімен кезекті кездесуі өтті. Бұл жолы кездесуге Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Абай, Ұлытау өңірлерінің кәсіпкерлері қатысты.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев қазақстандық кәсіпорындардың ішкі нарыққа өңдеу өнеркәсібі өнімдерін жеткізуді \$46 млрд-тан астамға арттыруға мүмкіндігі бар екенін, атап айтқанда, мұнай-газ машина жасау өнімдеріне (арматура, сорғылар, жабдықтар), құрылыс материалдарына (тұсқағаздар, қабырға жабындары, ламинат, керамика), киім-кешек, аяқкиім, тыңайтқыштарға және т. б. сұраныс жоғары екенін жеткізді.

Кәсіпкерлерді қолдау және ынталандыру мақсатында Үкімет инфрақұрылымды дамыту, жеңілдетілген қаржы бөлу және отандық өндірушілер салықтық жеңілдіктер, субсидиялар және басқа да қолдау түрлерін ала алатын офтейк-келісімшарттар жасау бойынша шаралар қабылдайды.

Кездесу барысында орта бизнес өкілдері өз қызметтері жайлы тоқталып, бірқатар түйткілді мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, жалпы қуаты жылына 40 мың тоннадан астам өнім шығаратын металл бұйымдарын ыстықтай мырыштау зауытының құрылысы; сою алаңы мен тоңазытқыш қоймалары бар, етті қайта өңдеу және шұжық өнімдерін өткізетін 10 мың басқа арналған мал шаруашылығы кешенін құру; тау шаңғысы, фристайл және жасанды қармен сноуборд тебу бойынша оқу-жаттығу орталығы, сондай-ақ басқа да бірқатар нысан құрылысы бойынша жобалар таныстырылды.

Сонымен қатар жеңілдетілген несиелендіру мен субсидиялау, мал азығын дайындау, жол құрылысы, көтерме сауда-тарату орталықтары мен көкөніс қоймаларына қатысты мәселелер талқыланды. Бұдан басқа, Алакөл және Балқаш көлінің демалыс аймақтарын дамыту барысы жан-жақты талқыланды.

Атап айтқанда, «Alakol Kazakhstan» ЖШС директоры Елена Асылбекова туристік нысандарды тұрақты электр энергиясымен, орталықтандырылған сумен жабдықтау және көріз жүйесімен қамтамасыз ету, әуе қатынасын кеңейту, сондай-ақ демалыс аймақтарында байланыс пен интернет сапасын жақсарту қажеттігі туралы айтты.


Тағы бір өзекті тақырып қой шаруашылығын дамыту болды. «Eurasia Agro Semeu» ЖШС басшысы Ерлан Мұқашев шикізатты өңдеуді қатар дамыта отырып, мал санын 50-100 млн басқа дейін арттыру жоғары әлеуетін атап өтті. Оның айтуынша, бұл Қазақстанды қоспақ, қозы және қой етінің ірі экспорттаушылары қатарына қосуы мүмкін. Кәсіпкер сондай-ақ қазақы қозы мен қойдың ұлттық брендині құру идеясын айтып, тиісті бизнес-бастамаға уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы кешенді қолдау көрсетуді сұрады.

Үкімет басшысы қазіргі уақытта республикада бизнеске қойылатын артық реттеу талаптары қысқартылып, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды автоматтандыру жүргізіліп жатқанын, бұл келесі жылдан бастап тәуекелдерді басқару жүйелері негізінде арнайы маманның қатысуынсыз тексеру тағайындауға мүмкіндік беретінін айтты. Бұл тексерулер санын азайтып, олардың тиімділігін арттырады.

Қорытындылай келе, Премьер-министр уәкілетті мемлекеттік органдарға кәсіпкерлердің ұсыныстарын мұқият зерделеуді және кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешуді пысықтауды тапсырды.

ЕРТЕҢ – КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ – ДАМУ ДРАЙВЕРІ



Сыр елі көлік саласын және көлік дәліздерінің транзиттік әлеуетін дамыту үшін зор күш-жігер жұмсауда. Әсіресе кейінгі жылдары көлік саласындағы үлкен өзгерісті ел көріп отыр. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тың бастамаларды қолға алудан қатар тәртіп пен жауапкершілікті күшейтті.

Жолаушылар тасымалы – қашан да елдің экономикалық және саяси өмірінің маңызды саласы. Қазақстанның орасан зор аумағы, халық тығыздығының төмендігі, елді мекендердің бір-бірінен алшақтығы, өлемдегі интеграция мен жаһандандудың үдемелі процестері дамудың басым бағыттарының біріне айналдырғаны рас.

Тамыз айының бірінші жексенбісі – «Көлік қызметкерлері күні» кәсіби мерекесі. Атаулы күн 1998 жылғы 20 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» ҚР Президентінің №3827 Жарлығына сәйкес белгіленген.

Айдар САЙЛАНОВ,
«Сыр бойы»

3-бет

Облыс әкімінің құттықтауы

Құрметті көлік және жол саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінгі таңда, автожол саласын жаңғырту бойынша ауқымды міндеттер атқарылып келеді. Облыс аумағындағы 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен жалғайтын 205 тұрақты автобус қатынасы ұйымдастырылған. Өңірден тыс Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, Жезқазған, Ақтөбе, Сарыағаш қалаларына жолаушы тасымалдау қызметтері тұрақты көрсетілуде.

Жыл санап сапалы сервистің өрісі артып келеді. Оның нақты нышаны – биылғы бірінші жартыжылдық қорытындысында автомобиль көлігімен 10,4 млн жолаушы тасымалданып, 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 33 пайызға көбейді.

Қызылорда қаласының жолаушылар тасымалын жақсартып, үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустармен толықтыру бойынша да маңызды жұмыстар жасалды.

Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту мақсатында өткен жылы 150 жаңа автобус алдық. Биылғы жылы тағы да 150 автобус алынады. Осылайша, біз аймақтың бас шаһарындағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешеміз.

Жолаушылар мен тасымалдаушыларға сапалы қызмет көрсететін, барлық стандарт талаптарына сай, заманауи үлгідегі жаңа автовокзал құрылысы басталды. Автовокзалдың жоба құны 975 млн теңгені құрайды. Биыл жыл соңына дейін толық пайдалануға беріледі.

Әуежай қатынасын жетілдіруге қатысты да жағымды жаңалығымыздан халық хабардар. «Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен құны 15 млрд теңгені құрайтын «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы салынууда. Нысан келер жылы толық пайдалануға беріледі. Нәтижесінде жолаушылар тасымалы 130 мыңнан 200 мыңға ұлғаймақ. Бұл жоба облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берері сөзсіз.

Сонымен қатар, жоба іске асырылғаннан кейін, авиациялық өкімшіліктен бірлесіп, ішкі және халықаралық рейстер санын ұлғайтамыз.

Көлік саласына қатысты және бір жағымды жаңалық – «Қазақстан Темір Жолы» АҚ компаниясымен бірлесіп тарихи жәдігер саналатын темір жол вокзалы ғимаратын қайта жаңғыртудамыз.

Жол инфрақұрылымын дамыту бағытына да аса мән беріп келеміз. Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 36 млрд теңге бөлініп, жалпы ұзындығы 570 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары мен көшелер және көпір өткелдері жөндеуден өткізілуде.

Қайнаған тіршілік – күрежолдың бойында. Жол – өмірдің өзегі, тынымсыз тірліктің қайнар көзі. Сырдың жері – тоғыз жолдың торабы. Барлық аудан-қала теміржолмен, тас жолмен өзара тығыз байланыста.

Қазақ «жол салғанның сауабы көп» дейді. Ерен еңбектеріңіз үшін алғыс айтамын.

Бүгінгі мереке мерейлеріңізді өсіріп, мәртебені көтере берсін!

Әрдайым отбасыларыңызға бақ-береке қонсын!

Құрметпен,
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
облыс әкімі

АКЦИОНЕР АТАНУ: тренд пе, табыс па?

Бұрын тек атын ғана естіген, дамыған елдерде халықтың қалыпты дағдысына айналған акция сатып алу ісі кейінгі жылдары елімізде де ілгері басты. Акционер атануға құмарлардың дені – кәсіпкерлер мен қаржысын тиімді басқарғысы келетін жастар. Сол арқылы бірталай ақша тауып жүргендер де жетерлік. Бірақ акционер атанудың қызығы мен шыжығы жайлы халықтың көп бөлігі біле бермейді. Негізгі акционерлердің көбеюі ел экономикасының дамуына әкеледі десек те, бұл істі даму мен дағдарыстың арасындағы ойынға теңейтіндер бар. Ендеше тақырыптың түбіне үңіліп көрейік.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

Байлықтан үмітгілердің үлесі артты ма?

Қазір биржада сатылып жатқан құнды қағаздардың санында есеп жоқ. Отандық компаниялардан бастап, банктердің, әркісі әлемге танымал брендтердің акциялары саудалануда. Дегенмен мамандардың көбі әлі де акция сатып алатын қазақстандықтардың саны аз екенін айтып жатады. Шетелдіктер үшін құнды қағаз сатып алу қалыпты дағдыға айналса, бізде бұл әлі де таңсық сала. Ал акционерлерді көбейту ел экономикасын көтерудің бір тетігі ретінде қарастырылады. Дегенмен акционер атанар алдында ескерер дүние көп. Жалпылама айтар болсақ, акция – белгілі бір компанияның сатылымға шыққан үлесі. Әуелі брокерлік шот

ашып, құнды қағаз сатып аласыз. Осылайша акционер атанасыз. Табыс табу жайы тікелей компанияның кірісіне байланысты. Мәселен, депозитте сақтаған қаражатыңыздың сыйақысы ай сайын тұрақты түрде 10-15 пайызға артуы мүмкін. Бірде 40 пайызға, бірде тіпті 200 пайызға дейін өседі. Немесе керісінше құны құлдырайды. Сол үшін сауатты сауда жасау маңызды. Осы тұста елімізде акцияларының құны жақсы өсетін Kaspi Bank пен әлемдік нарықтағы Apple компаниясын тілге тиек етсек болады. Экономист Рашид Жақсылықов акция сатып алудың бөрінен бұрын отандық компанияларға әсері көп екенін айтады.

– Көп мәселені кредитпен шешетін отбасы IPO-ны қайдан алыс?! Бұл жасыратын дүние емес. Акцияның екі пайдасы бар. Экономикалық тәжірибе аламыз. Екіншіден, ұлттық компания-

ларды ашық түрде жылдам жұмыс істеуге бейімдейміз. Жалпы акцияның бағасы әртүрлі, құнды қағаздар құны 100 теңгеден де басталады. 1000 теңгелігі де бар. Бастапқыда орташа есеппен он мың теңгеге сатып алған жөн. Акционер атану үшін әуелі сатып алушы мен сататын компания арасындағы делдал, яғни брокерлік компанияны дұрыс таңдау керек. Өйткені алаяқтар көп. Келесі қадам, акцияларын сатылымға шығарған компанияның бүгінгі мен болашағын әбден зерттеу қажет, – дейді маман.

Қазақстандықтар үшін шетелдік компания акцияларын алуға еш шектеу жоқ. Қазірдің өзінде отандық акционерлер 52 елдегі ең танымал компаниялардың акцияларын сатып алып, пайдасын көріп келеді екен.

7-бет

АУА РАЙЫ

+36°
СЕНБІ

+34°
ЖЕКСЕНБІ

+30°
ДҮЙСЕНБІ



Ашық дереккөзден алынды



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

АЛТЫ АЙ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен 2023 жылдың 6 айының қорытындысына арналған мәжіліс өтті. Онда Қызылорда облысының даму жоспарындағы көрсеткіштердің орындалуы, шағын және орта бизнестің дамуы бойынша атқарылған жұмыстар талқыланды.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өңірлік деңгейдегі негізгі стратегиялық құжаты – «2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспары». Аймақ басшысы жоспарда көзделген нысаналы индикаторлардың сапалы әрі мерзімінде орындалуын қамтамасыз етіп, тиімділігін арттыру керектігін атап өтті.

– Биыл 120 нысаналы индикатордың орындалуы көзделген. Жыл соңына дейін 22 көрсеткіштің жоспарлы мәніне қол жеткізілуі мүмкін. Өздеріңізге мәлім, барлық облыстық басқарма басшыларына, аудан, қала әкімдеріне даму жоспарының нысаналы индикаторларының орындалуын қатаң бақылау тапсырылды. Дегенмен бірқатар нысаналы индикаторлардың жыл соңына дейін орындалмау қаупі бар, – деді облыс әкімі.

Облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Камбарбек Мұбаеров 6 айдағы даму жоспарының орындалуы туралы баяндама жасады. Баяндамашы облыстық



басқармалардың нысаналы индикаторларды орындау барысын саралап, әрбір көрсеткішке талдау жасады. Орындалмауы мүмкін көрсеткіштерді дәлелді түрде төмендету, 25%-дан асыра орындалатын көрсеткіштердің жоспарлы мәнін көтеру үшін тиісті салалық министрліктермен жұмыс атқаруды ұсынды.

Орындалмауы ықтимал индикаторлар облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау басқармаларына тиесілі.

Аталған сала басшылары нәтижеге қол жеткізу үшін әрбір көрсеткішке талдау жасауы тиіс. Оларға орындалмау қаупі бар мәнді көрсеткіштерді дәлелді түрде төмендету немесе асыра орындалатын көрсеткіштердің жоспарлы мәнін көтеру бойынша салалық министрліктермен жұмыс атқару тапсырылды. Барлық мемлекеттік орган басшыларының әр тоқсан сайын белгіленген индикаторлар нәтижесі бойынша есебі облыс әкімінің төрағалығымен өтетін мәжілісте қаралады.



Суреттерді түсірген Н.Нұржаубай

Жиында 6 ай қорытындысымен шағын және орта бизнестің дамуы туралы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Исатай Аңсат баяндама жасады. Басқарма басшысының айтуынша, шағын және орта кәсіпкерлікте 77590 субъект тіркелген. Кәсіпкерлік субъектілерінің өсу қарқыны бойынша облыс республикада 4-орында. Биыл кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден шамамен 25 млрд теңге жуық қаржы қарастырылды. Жарты жылда 2 мыңнан аса жобаға қар-

жылай қолдау көрсетілді. Облыс әкімі кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің өсімін қамтамасыз етуді және жалпы өңірлік өнімдегі үлесін 21,5%-ға арттыруды тапсырды. Сонымен қатар жауапты басқарма орта бизнестің үлесін 9%-ға жеткізу бағытында нақты жұмыстарды үйлестіруі керек.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ

ҚАЗАЛЫ: 7 ШЕТ МЕМЛЕКЕТКЕ ӨНІМ ЭКСПОРТТАЛУДА

Биыл облыстың құрылғанына 85 жыл толды. Ал батыс аудандардың бірі – Қазалы 95 жылдық мерейтойын тойламақ. Жыл басынан бері бұған байланысты ауқымды шаралар өтуде. Алдағы уақытта мереке кең көлемде аталып өтеді. Тағылымы мен тәрбиелік маңызы зор, рухани-мәдени, спорттық бағыттағы түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, бірқатар әлеуметтік нысандарды пайдалануға беру жоспарланған. Бұл жайында ауданның 6 айлық есебін қорытындылаған Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты. Сондай-ақ атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып, алдағы жоспарларын бөлісті.

Erjan KOZAS, «Сыр бойы»

– Жақында ғана облыс әкімінің бастамасымен елді мекендерді тазалық пен көгалдандыруға ынталандыру үшін «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткенін білесіздер. Аудан орталығы – Әйтеке би кенті «Үздік аудан орталығы» номинациясымен үшінші орынға қол жеткізді. Қорытындысымен кейінгі үлгідегі жаңа техника – ассенизатор көлігі мен жол тазалайтын трактор берілді. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, аудандағы орман қорын қорғауда еңбек етіп жүрген инспекторлардың жұмыс сапасын арттыру үшін 10 қызметтік мотоцикл, бортық және вахталық екі КамАЗ көлігін тапсырды. Бұл – орманшыларға жүктелген міндетті жоғары дәрежеде орындау үшін берілген мол мүмкіндік, – деді аудан әкімі.

Қазалыда шағын және орта кәсіпкерлік саласында 6760 кәсіпкер тіркелген. Нақты жұмыс істеп тұрғаны – 96,5 пайыз. Аудан кәсіпкерлері тарапынан 4 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, биыл 8 кәсіпкерлік ғимарат бой көтерген. Оған 28 адам тұрақты жұмысқа тұрыпты. Саланы қолдау үшін 247 жоба бойынша түрлі қаржы ұйымдары тарапынан бизнес өкілдеріне 2,2 млрд теңге несие берілген.

– Жыл басынан бері Қазалы ауданынан Ресей, Беларусь, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Нидерланды елдеріне 3539 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері шығарылды. Атап айтсақ, 2421 тонна күріш, 557 тонна балық, 561 тонна қамыс экспортталды. Күріш демекші, елдегі диқан қауым 17377 гектар жерге егін екті. Оның ішінде негізгі дақыл – күріш 6450 гектар. Ал бақша 1115, көкөніс 950, картоп 315 және малазықтық дақылдар 6876 гектарды құрайды. Сырдария өзенінің аяғында орналасқан Қазалының судан тапшылық көретіні рас. Соның алдын алу үшін биыл 3 су насосы сатып алынды. Одан бөлек, шаруашылықтар мен ауылдық округ әкімшілік теңгерімдегі 25 насос жұмыс істеп тұр, – деді өз сөзінде Мұхтар Оразбаев.

Ауданда газдандыру жұмысы қарқынды жүрде. Бүгінде халықтың 63,2 пайызы «көгілдір отын» игілігін көріп отыр. Былтыр Қазалы қаласы мен Жалантос батыр, Қ.Пірімов, «Басықара» ауылдары газға қосылған еді. Енді Абай ауылын газдандыру үшін 41 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар, Ақтан батыр, Жанқожа



батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев елді мекендеріне «көгілдір отын» жеткізу жоспарланған. Бес ауылға магистральдық газ құбырының тартуға жеке кәсіпкердің демеушілігімен жобасметалық құжатты әзірленіп, сараптамадан өткен. Аудан әкімінің айтуынша, биыл Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы арасында салынып жатқан 4 жолақты жол құрылысы аяқталды. Аудан орталығындағы 14 көше асфальтталып, 24 көшеге қиыршық тас төселуде. Екіншіден, іргелес жатқан Қазалы қаласының да 15 көшесі жөндеуден өтіп жатыр. Үшіншіден, ауыл арасындағы жолдарды жөндеу жалғаса береді. Осы жылы екі лот бойынша аудандық маңыздағы «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Көукей», Ғ.Мұратбаев ауылына кіреберіс және «Бекарыстан би-Қожабақы» автожолдары жаңғыртылмақ. Бұл үшін бюджеттен 1,2 млрд теңге ақша қаралған. Сондай-ақ Әйтеке би кенті мен «Басықара» ауылы арасындағы көпір толық аяқталды. Ал ірі жобалардың бірі – «Карлан» көпірінің құрылысын жалғастыруға бюджеттен 1,6 млрд теңге бөлінген.

– Алдағы уақытта ауданда «Жайлы мектеп» жобасымен екі мектеп бой көтереді. Бірі – Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының ортасынан салынатын 600 орындық, екіншісі – Жанқожа батыр ауылында тұрғызылатын 300 орындық мектеп. Бұған қоса қазір аудан орталығынан 250 орындық білім ордасының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Ал Қ.Пірімов атындағы ауылда орналасқан №92 мектепті күрделі жөндеу жаңа оқу жылына дейін аяқталды. Биыл облыс әкімінің қолдауымен аудан оқушыларын тасымалдау үшін 3 заманауи автобус берілгенін де білесіздер.

Құрылысты қосымша қамтысақ, «Бозкөл», «Көукей» және Абай ауылында дәрігерлік амбулатория салынып жатыр. «Көукейдегі» клуб пен кенттегі 600 орындық мәдениет үйін биыл бітіру жоспарланған. Сонымен қатар, «Бірлік», «Майдакөл», Шәкен елді мекендерінен 100 орындық клуб салу үшін тиісті құжаттар әзірленді, – деді аудан басшысы.

Айта кетейік, биыл Ү.Түктібаев ауылында спорт кешені пайдалануға берілді. Сол сияқты Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, Бекарыстан би және Ғ.Мұратбаев ауылында да дәл осындай спорттық ғимарат тұрғызуға тиісті құжаттар дайындалған.

ШАРУАСЫ ШИРАҚ ШИЕЛІ

Биылғы жартыжылдықта Шиелі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң нәтиже бар. Атап айтқанда, есепті кезеңде аудан бюджетінің кірісі 5 млрд 438 млн теңгеге артып, 112,7 пайызға орындалған. Сонымен қатар экономиканың негізгі тірегі саналатын маңызды салалардың бірі – өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 36,1 млрд теңгені құрап отыр. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 102,5 пайызға өскенін көрсетеді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 15,9 млрд теңгенің өнімін өндірген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында аудан әкімі Нұржан Ахатов айтты. Брифингте ауданда алты айда атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы жоспарлар таныстырылды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

– Жыл басында аудан бюджеті 10 млрд 754 млн теңге көлемінде бекітілді. Оның ішінде бюджеттің өз кірісі – 4 млрд 298 млн теңге. Шиеліде экспорт көлемі де арттырылды. Мәселен, ірі кәсіпорындардың бірі – «Фирма Балауса» ЖШС-ның «Баласауыскандық кенішінде қара тақта тасты автоклавты өңдеу» жобасы. Осы кәсіпорыннан шығарылған 190 630 тонна өнім Ресей, Ұлыбритания, Австрия елдеріне экспортталды. Сонымен қатар, «Гезуба Шиелі Цемент Компаниясы» бірінші жартыжылдықта Өзбекстанға 81 579 тонна цемент жөнелтті. Жалпы негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі 16 млрд теңгені құрап, 2,2 есе артты. Ал құрылыс жұмыстарының көлемі 5,5 млрд теңгеге орындалды. Оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысының жалпы ауданы 31 567 шаршы метрді құрап отыр, – деді аудан әкімі.

Ауыл шаруашылығы саласында 6 млрд 431 млн теңгенің өнімі өндіріліп, тиісті кезеңмен салыстырғанда 101,6 пайызға артқан. Сондай-ақ аудан бойынша 31 702 гектарға егін егілген. Соның ішінде негізгі дақыл – күріштің үлесі 13 189 гектарды құрап отыр.

– Ауыл шаруашылығы құрылымдары жаңадан техникалар алып, ауданға 506 млн теңге инвестиция тартылды. Сонымен қатар, 5405 гектар жерге картоп, көкөніс, бақша дақылдары орналастырылды. Ал күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда ұлғайды. Сапалы өнім алу үшін судың мол болуы керектігін ескеріп, қазіргідей су тапшылығы орын алған тұста егіс алқаптарына 59 жерге насос қойылды. Сондай-ақ, «Олажа Агро» ЖШС 1200 бас асылтұқымды ірі қара малының тауарлы-сүт фермасын ашу бағытында серіктестік басшыларымен келісімге келіп отырмыз. Ферма құрылысын «Алғабас» ауылынан салу жоспарлануда. Жем-шөп қорын дайындау мақсатында серіктестікке Диригентаудан жер телімі әзірленіп, бүгінде таңдалған жер телімінің топырақ зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ферма ашылғанда кемінде 80 адам жана жұмыс орнымен, жем-шөп дайындағанда тағы 100-ге жуық адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Жоба аясында өңірімізге 10 млрд теңге инвестиция тартылатын болады, – деп атап өтті Н.Ахатов.

Баспасөз конференциясында аудан әкімі азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін кемінде өнім сактайтын екі қойма салу көзделгенін айтты. Қазірдің өзінде Шиелі кентінде жобалық құны 170 млн теңге болатын, сыйымдылығы 700 тонна көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталып, мұздатқыш құрал-жабдықтары орнатылуда. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жоспардан тыс 1520 гектар қосымша жер дайындалып, 1390 отбасына үлестірілген. Оның ішінде 520 гектар жерге тамшылатып суару әдісі арқылы көкөніс-бақша егілген. Сондай-ақ, ауданның экспорттық әлеуетін арттыру бағытында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тауарларын сырт елдерге



экспортқа жөнелту үшін жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Аудан әкімінің айтуынша, былтыр мамыр айында Қырғызстанға 20 тонна ақ күріш, Ресейге 421 тонна қарбыз, 275 тонна қауын, 330 тонна қызанақ экспортталған. Ал еліміздің басқа да облыстары мен қалаларына 18 500 тонна ақ күріш, 1 200 тонна қарбыз, 3 800 тонна қауын және 22 000 тонна жоңышқа жөнелтілген. «Ауыл Аманаты» бағдарламасын іске асыру мақсатында 1,6 млрд теңгенің 409 жобасы ұсынылып отыр. Жалпы ауданда 7523 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген, оның 7254-і жұмыс істеп тұр. Бұл тиісті кезеңмен салыстырғанда 114,9 пайызды құрап отыр.

– Ауданда сауда-саттық және туризм саласы бойынша құны 2 млрд теңгені құрайтын 10 жобаның құрылысы басталып, бүгінде 2 нысан пайдалануға берілді. 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Жыл соңына дейін қалған жобалар іске қосылғанда 250 жаңа жұмыс орны ашылады. Сондай-ақ, есепті кезеңде мемлекеттік бағдарламалар бойынша 2 млрд 687 млн теңгені құрайтын 225 жоба шағын несие және грант қаражатын алып, 350 жаңа жұмыс орны ашылды. Оған қоса, 20 жоба 2,5 пайыздық шағын несие беру жоспарланған. Бүгінде 22 жоба өңірлік комиссияның оң қорытындысын алып, 7 жоба 31,5 млн теңгеге қаржыландырылды. Қалған оң қорытынды алған 15 жобаны 67,5 млн теңгеге қаржыландыру күтілуде. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленген Жалпыұлттық жобалар аясында биыл ауданда өндіріс бағытында 24,8 млрд теңгені құрайтын 5 жеке инвестициялық жоба іске асырылуда, олар толық іске қосылған кезде 590 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Жалпы ауданның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің орындалуы тұрақты бақылауда, – деді аудан әкімі.

Ауылдарды газдандыру бойынша да айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, биыл 6 елді мекенге республикалық бюджеттен 1 млрд 531 млн теңге бөлініп, газ желілері жүргізілді. Бұл елді мекендер толықтай газға қосылғанда ауданның 78 пайызы «көгілдір отынмен» қамтылмақ. Шиелі кенті және Ы.Жақаев, «Бидайкөл», «Байсын», Н.Бекежанов, Ш.Қодананов, «Ақмая», «Алғабас» ауылдары газға қосылған. Ендігі кезекте «Еңбекші», «Жиделіарық», «Алмалы», Ә.Тәжібаев, Досбал датқа, «Вестам» ауылдарына газ құбыры тартылуда. Жалпы Шиелі ауданы бойынша газға қосылмаған 16 елді мекен бар.

Ауданда аяқсу, ауызсу, жол, құрылыс бағыттары бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылуда. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орындық мектеп құрылысы жоспарлануда. «Байсын» елді мекеніндегі жобалық құны 853,4 млн теңге болатын 250 орындық мектеп былғы оқу жылына дейін пайдалануға берілмек. Келер жылы Жансейіт елді мекенінде 100 орындық заманауи мектеп құрылысы басталады.



САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

Облыс әкімдігінің мәжіліс залында көлік қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Шарада облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов құттықтау сөз сөйлеп, сала мамандарын марапаттады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

– Көлік саласы – экономиканы алға жылжытушы күш. Өңірімізде көлік сервисі жыл өткен сайын дамып келеді. Бұл саланың өркендеуіне сіздердің сіңірген еңбектеріңіз ерен деп білемін. Бүгінде облыс көлемінде елді мекен жолдары жаңартылуда, 150 жаңа автобус сатып алынды. Жыл соңына дейін тағы 150 автобус әкелінеді деп жоспарлануда. «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Мұның барлығы халық игілігі үшін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Мерекелік жиында сала қызметкерлеріне Құрмет грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты, «Құрметті автокөлікші», «Үздік автокөлікші», ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің грамотасы, Автомобиль жолдары комитеті төрағасының Алғыс хаты табыс етілді.

Автокөлік қызметкерлері саланың дамуына үлес қосып келеді. Бұл салада мыңдаған адам жұмыспен қамтамасыз етілген. Қала көшелері кеңейтіліп, жолаушылар тасымалындағы мәселелер оң шешімін табуда.

БРИФИНГ

АЙДЫНДЫ ӨҢІРДЕГІ
АУҚЫМДЫ ІСТЕР

Арал ауданының тыныс-тіршілігінде 7 макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өсім көрініс беріп отыр. Жыл басынан бері ауданға 7,7 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылып, ол 2 есеге артты. Тартылған инвестицияның 5,8 млрд теңгесі ауылдық жерлерге, қалғаны Арал қаласын дамытуға жұмсалған. – Биыл жергілікті жұртшылық облыстың 85 жылдық мерейтойын лайықты деңгейде атап өтсе, ауданның құрылғанына 95 жыл толады. Айтулы кезеңге аудан халқы толағай табыстармен жетті. Дамудың оң динамикасы байқалып, тұйық мәселелер рет-ретімен шешімін табуда. Инвестиция білім беру, көлік және қойма, жылжымайтын мүліктермен операциялар, өнеркәсіп саласына тартылған. Былтыр 16,7 млрд теңге инвестиция тартыла, биыл оны 24 млрд теңгеге жеткізу жоспарланып отыр, – деді аудан әкімі Серік Сермағанбетов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



Биыл аудан бюджеті 18,5 млрд теңгеге жетті. Жыл басынан бері ауданның барлық кірісі, трансфертін қоса алғанда 7 млрд теңгені құрап, 103%-ға артық орындалды. Оның ішінде жергілікті түсім 13%-ға артық. Аудандағы өнеркәсіп орындары 13,6 млрд теңгенің өнімін өндірген. Оның 73%-ы өңдеу саласына тиесілі.

«2021-2025 жылдарға арналған Индустриялық дамудың тұжырымдамасы» аясында жалпы құны 168,7 млрд теңгені құрайтын 9 жоба енгізілген. Қазірге дейін жалпы құны 3,6 млрд теңге болатын 2 жоба іске асты. Бұл бағытта «Аралтұз» АҚ және «Арал кварц» ЖШС-ның жобалары тұрақты түрде жұмыс жасауда. Ендігі кезекте бірыңғай Индустриаландыру картасына жалпы құны 7,2 млрд теңге болатын 4 жобаны енгізу қолға алынған. Арал қаласының солтүстік-шығыс бетінде орналасқан индустриялық аймақтағы жер телімдері толықтай игеріліп, қосымша 10 гектар жер табысталса, қазіргі уақытта ол 16 гектарды құрайды.

– Былтыр аудан орталығында кәсіпкерлерге арналған «Кәсіпкерлік үйі» бой көтерді. Бұл жергілікті азаматтарға бизнеске байланысты қызмет түрлерін бір орталықтан көрсетуге мүмкіндік туғызды. Биылғы жартыжылдықта тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 6599 бірлікті құрап отыр. Есепті кезеңмен салыстырғанда 38,4%-ға өсім алды. Кәсіпкерлік қолдау бағытында мемлекеттік бағдарламалар мен жалпы қаржы институттары арқылы 140 жобаға несие тартылды. Сондай-ақ, ісін енді бастауға ниетті азаматтарға арналған 70 жоба қаржыландырылды. Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 4,6 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,6 пайызға артты. Бекітілген жол картасы бойынша 23 жоба орындалып, 43 адам тұрақты және маусымдық жұмыспен қамтылды. Биыл оған өзгерістер жасалып, қосымша 12 жоба (құс, егін, тоған шаруашылықтары, гидропоника және биогумус) қосылды, – дейді аудан әкімі.

Ауданда соңғы екі жылда төрт түлік мал басы 12 мыңға артты. Тоқсаныншы жылдардан бері мал басы 4 есеге көбейген. Бұрынғы жылдары ауданда егін көлемі 160-180 гектарды құрайтын еді. Егін шаруашылығын дамыту бойынша қабылданған шараларға байланысты биыл 5 есеге артып, егістік көлемі 1010,3 гектарға жетті. Оның ішінде картоп 22,9, көкөніс 99,1, бақша 363,7, ескі жоңышқа 177,2, жаңа жоңышқа 347,2 гектарға жеткізілді. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес тұрғындардың өз-өздерін бау-бақша және көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуі үшін арнайы жер дайындалды. Суды үнемдеу мақсатында пленка арқылы егу және тамшылатып суару әдісі қолданылып отыр.

Биыл Кіші Арал теңізінен 6651 тонна балық ауланып, оның 2450 тоннасы өңделді. Ауданда 9 балық өңдеу зауыты бар. Оның 2-уі еврокод белгісімен жұмыс атқарады. Одан басқа 10-нан астам шағын балық цехы халыққа қызмет көрсетеді.

– Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы бойынша ауданға қатысты тауарлы балық өндірісін ұлғайту үшін 7 тауарлы көл тізімге енгізілді. Соған байланысты 3 тауарлы көлге инфрақұрылым жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленді. Сондай-ақ, бағдарлама аясында балық өсіру жобасы қолға алынды. Биыл қолдан балық өсіретін 7 тоған ашу жоспарда бар. Былтыр тоғанда балық шаруашылығын дамыту жобасын іске асыру аясында «Ерімбетжаға», «Жаңақұрылыс», «Бекбауылда» 3 жоба іске қосылды. Қолдан балық өсіру тоғанында негізінен сазан, ақ амур, дөңмандай шабақтары өсірілуде, – дейді С.Сермағанбетов.

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы негізінде аудан бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бұл мақсатта ауданға 484,8 млн теңге қаржы қаралған. Елді мекендердегі насихат және түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде балығы 542 жоба жинақталды. Сондай-ақ, құрылыс саласында 4,2 млрд теңгенің жұмыстары жүргізіліп, жоспар 3,2 есеге артығымен орындалды.

– Бүгінде Арал қаласы толықтай орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Елді мекендердің қамтылуы 82%-ды құрап отыр. Жыл соңына дейін «Ақбасты», «Көктем», «Құланды» ауылдарының тұрғындары таза ауызсуға қол жеткізіп, индикаторлық көрсеткіш 87%-ға жетеді. Арал ауданында 2023-2025 жылдар аралығында 10 мектеп құрылысын салу жоспарлана, оның 4-уі «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында бой көтереді, – деді аудан әкімі.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ –
ДАМУ ДРАЙВЕРІЖолаушыларға
жайлылық жасалған

Тарихи өткен ғасырдың 30-40 жылдарынан бастау алатын сала бүгінгі күнге айтарлықтай өркендеп, дамып келеді. Тәуелсіздік шежіресімен бірге үлкен асуларды еңсерді. Заман ағымына қарай көлік саласында көптеген өзгерістер орын алды. Қазір халыққа қызмет көрсету сапасы анағұрлым жақсарған. Жолаушылар және жүк тасымалдау паркттері жаңа техникалармен толығып, сервистік қызмет көрсету деңгейі де едәуір артқан. Олардың көпшілігі мемлекеттің қолдауы арқасында жүзеге асырылып жатыр.

Облыс аумағында 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 205 автобус маршруты ұйымдастырылған. 2023 жылдың I жартыжылдығында автомобильмен 10,4 млн жолаушы тасымалданып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 33 пайызға артқан екен.

Оған қоса, Қызылорда қаласының да қоғамдық көлік қызметі жақсарып, үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустармен толықтыру бойынша ауқымды жұмыстар істелгенін көріп жүрміз. Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметінің сапасын арттыру, жолаушыларға жайлылық жасау мақсатында өткен жылы лизинг арқылы 150 жаңа автобус алынған. Биылғы жылы да облыс орталығының қоғамдық көлік қызметі мәселесін түбегейлі шешу мақсатында қосымша 150 автобус алу бағытында жұмыстар белсенді жүріп жатыр.

Айта кетейік, Сырдария өзенінің сол жағалауында жолаушылар мен тасымалдаушыларға қызмет көрсететін, барлық стандарт талаптарына сәйкестендірілген заманауи үлгідегі жаңа автовокзал құрылысы басталғаны да жағымды жаңалық.


Әлеуеті асқан әуежай

Әуе көлігі саласында да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі күні «Қорқыт ата» әуежайы арқылы аптасына 27 тұрақты рейс орындалуда, оның ішінде: Астана қаласына 11, Алматыға 16 рейс ұшады. Бұл рейстерді «AirAстана», «Fly Arystan» және «QazaqAir» әуе компаниялары орындайды.

2023 жылдың I жартыжылдығы бойынша әуежайдан 67 мың жолаушы жөнелтілді, 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жолаушылар саны 19 пайызға көбейіп отыр.

– «Болат Өтемұратов қорының» демешілігімен ірі жоба жүзеге асырылуда. 2021 жылдың 26 қазанындағы облыс әкімдігі, «Қорқыт ата әуежайы» АҚ және «Болат Өтемұратов қоры» арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға сәйкес «Қызылорда қаласында «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу» жобасы іске асырылуда. Жобаның құны 15 млрд теңгені құрап отыр.

Терминал құрылысының жұмыстары 2023 жылдың ақпан айынан басталып, 2024 жылдың мамыр айының аяғында пайдалануға берілімек, яғни жоспардан 4 ай бұрын аяқтау көзделген. Бұл нысанның құрылысы бірқатар әуе көлігінің көрсеткіштерін шамамен 1,5 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Әуе көлігімен жолаушылар



Суреттерді түсірген Н.Нұржаубай

тасымалы көлемі 2022 жылғы 130 мыңнан жыл сайын 200 мыңға дейін ұлғаяды, жүк тасымалдау көлемі жылына 150 тоннадан 240 тоннаға дейін артады деген жоспар бар, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жәнібек Сыздықов.

Жаңа әуежай терминалында халықаралық стандарт талаптарына сай жолаушыларға қызмет көрсетуге қажетті жағдайлар қарастырылды. Бұл жоба өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретіні сөзсіз. Сонымен қатар, жоба іске асырылғаннан кейін, авиациялық әкімшілікпен бірлесіп отырып, ішкі және халықаралық рейстер санын ұлғайту бойынша жұмыстар да жүргізіледі.

Теміржолдан
түсер табыс көп

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясымен бірлесіп, Қызылорда қаласындағы өзіндік тарихи мәні бар теміржол вокзалы ғимараттарына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуде.

Бүгінгі таңда облыс орталығынан 5 жүп жолаушы пойызы ұйымдастырылған («Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Петропавл», «Қызылорда-Павлодар» (Жезқазған арқылы), «Қызылорда-Алматы-Семей», «Қызылорда-Түркістан»). Бұл бағыттар бойынша облыстың тасымал жүйесі қазынаға қыруар қаржы түсіріп, сапарға шыққандарға сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Автожолдағы ахуал

Облыс аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 3418,5 шақырымды құрайды. Оның 1014,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1849 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.

Мемлекет басшысы Жолдауында автокөлік жолының құрылысына, оның ішінде жергілікті жолдардың сапасына баса мән беруді, 2025 жылға дейін жергілікті маңызы бар жолдардың жақсы және қана-



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ – 85

Өнерге өріс, мұраға қоныс – Сыр елі

Қазақ өнері мен мәдениеті дүниені шарлады. Бір ғана «Жаһандық өлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында қазақ мәдениеті мен өнерін өлемге насихаттау жолындағы қыруар жұмыстар жүзеге асырылып, айтарлықтай табыстарға қол жетті. Бұл жетістікке Сыр бойының қосқан үлесі ерен.

**Sp Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»**



Сыр мәдениеті мына жылдан бастау алады деп кесіп-пішіп айту анықтық болмас. Алайда, Қызылорда облысы құрылған жылдардан бастап өнер мен мәдениет саласы сөз болғанда Нартай Бекежанов есімі қоса айтылады.

«Өздерің білер Нартаймын,
Нар болсам дағы қартайдым.
Арнасы бар да өзі жоқ,
Баяғы боран айқайдың»
деп басталатын «Нартай әнін» 1934 жылы маусымда Алматыда өткен бүкілқазақстандық бірінші жиында Жаппас Қаламбаев қобыздың сүйемелдеуімен орындаған. Елдіктерір лирика мен шынайылыққа толы, өте ерекше туынды халық жүрегінен кең орын алды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО Мәдениет жөніндегі Кеңестік халық комитетінің шешімі бойынша бүкіл республикаларда артистердің үгіт-насихат бригадалары құрыла бастады. Сондай алғашқы концерттік бригадалардың біріне Құлшай Байсейітова да басшылық еткен.

Атылған артиллерия дүмпуіне, жарылған бомба жаңғырығына қарамастан Жамал Омарова, ағайынды Абдуллиндер, Жүсіпбек Елебеков, Роза Бағланова, Шара Жиенқұлованың би ансамблі майдан даласында өнер көрсеткен.



Ызғарлы жылдарда Нартай Бекежанов өзінің концерттік бригадасымен халықты жауға қарсы жеңіс жолындағы екпінді еңбек етуге рухтандырған. Қызылорда кезеңде облыстың шалғай, жолсыз ауылдарын аралап, әскери бөлімшелерге барып, Нартай ансамблі екі мыңнан астам концерт берген.

Бейбіт күндері Нартайдың концерттік бригадасының ізімен талай ансамбль құрылып, Сыр мәдениетінің сандық өкілдері қалыптасты. Олар егіншілер мен малшыларды еңбекке жігерлендірді.

Әр жылы Сыр мәдениетінде елеулі өзгерістер мен айтулы жетістіктер орын алып отырады.

2004 жылдан жүзеге аса бастаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыс көлемінде де көп жұмыс атқарылды. «Қазақ радиосы» қорынан алынған ұнтаспалар, жеке адамдардан алған мағлұмат, құжаттар арқылы 40-тан аса ақынның айтыстары жүйеленіп, жинақталып «Сырда өткен сөзсайыс» атты кітап және 2010 жылдың сәуір айында мәдениет басқармасы жанынан қоғамдық негізде құрылған Халық университеті, «Сыр өңірінің мәдениеті» атты тарихи-анықтамалық кітап пен ұнтаспа және «Сыр сандықтары» атты жинақ баспадан шықты.

2012 жылы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейлі тойына тарту ретінде Қызылорда облысы әкімінің бастамасымен кезінде дүние салған және көзі тірі Сыр бойынан шыққан 225 танымал ақын, жазушы, өнші, композитор, сахнагер, жыршы, күйші-домбырашының дауыстары мен

шығармашылығы, өмірдері жазылған «Қайталанбас дауыстар» аталатын Сыр сандықтарының антологиясы 500 данамен екі тілде кітап-диск түрінде шығарылды. 2013 жылы әлемге әйгілі «Шаһнама» эпопеясын қазақша сөйлеткен Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 36 дәптерден тұратын теңдесі жоқ қадым қолжазбасының аудиознциклопедиялық нұсқасын жасау қолға алынып, шайырдың 34911 жолдан тұратын Фирдоуси «Шаһнама» толық нұсқасын жырлап, ұнтаспаға жазу үшін Сыр өңірінен таңдаулы 22 жыршы іріктелді. Заманауи құралдар арқылы өскелең ұрпақтың көкірегіне жауһар жырларды сіңіріп, аудиокітаптар арқылы отансүйгіштікке баулуға мақсат еткен жобаның нәтижесі талғампаз жұрттың ыстық ықыласын аударды.

Осы рухани қазыналарды халыққа жеткізуге сол кездегі облыстық мәдениет саласының басшысы, белгілі өнертанушы ғалым, жырау Берік Жүсіпов қомақты үлес қосты.

Кеше бетімізді перделеген пандемия кезеңінде де қазақтың ұлы ақыны Абайдың 175 жылдығы, ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын орданың 750 жылдығы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы, ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы сынды айтулы оқиғалар жоғары деңгейде насихатталды.

Облыстық мәдениет саласы соңғы жылдары жақсы бет-бейне қалыптастырды. Осы үлеске идеология қызметкерлері Руслан Рүстемов, Асқар Есжанов есімдері де ортақ. Сала жұмысына бүгінгі күні тәжірибелі маман Мира Қазбекова басшылық жасап отыр.

Сыр елі – талай дарын иелерінің бесігін тербеткен дархан дала, қыдыр қонған құтты мекен. Өнер өлкесінің өр биігіне айналған Сыр ана топырағы таланты теңіздей толқыған, өшпестің отын маздатқан өлке. Осындай киелі мекеннің өнер шаңырағының бірі – облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы.

Облыстың рухани өмірі, мәдени өрлеуі мен Сыр өнерінің өзіндік өрнекпен дамуында жарты ғасырдан аса тарихы бар халық шығармашылығы орталығының орны дара.

Сыр елінің рухани өмірі мен мәдени өрлеуіне алпыс жылдан астам тарихы бар Халық шығармашылығы орталығының қосқан үлесі орасан. Бұл мәдени мекеме – облыстың барлық мәдени шараларына белсене қа-

Қазіргі уақытта Сыр мәдениеті мен өнерін дамытуда мәдени қызметтің жаңа тәсілдері мен әдістері уақыт талабына сай түрленіп, мәдени-көпшілік шаралар атқарылуда. Сондай-ақ, талантты өнерпаздардың қабілеттерін дамытып, шығармашылығын шыңдау үшін қажетті мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп, әлеуметтік өмір салтын байытуға, жоғары мәдени талғамын қалыптастыруға арналған жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта түрлі жанрда халықаралық, республикалық, облыстық шаралармен қатар, байқау-конкурстар, фестивалдар тұрақты өткізіліп келеді.

Осы тұрғыда 2006 жылдан бері түркі тілдес елдердің ұлттық музыкалық өнерін дәріптей отырып, өзара мәдени



қарым-қатынасын мен байланысын нығайту, қайталанбас өнерінің озық үлгілерімен жұртшылықты таныстыру және кеңінен насихаттау мақсатында Түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

«Жыр мұра» жобасы аясында Қазалы, Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған аудандарынан жыр-терме және 7 аудандан қобыз үйірмелері ашылды. Қазіргі таңда облыс бойынша 23 жыр-терме үйірмесіне 288 оқушы, 16 қобыз үйірмесіне 64 оқушы қатысады. Жоба аясында «Ұлы дала төсіндегі Сыр елінің фольклоры» атты экспедиция жүргізіліп, соның нәтижесінде мәдениет жанышылдары қырықтан аса жыршы-жыраудың дауысын, осының ескі сарындағы мақам-саздарды, алпыс шақты өнерпаздың орындауындағы терме-толғауларды олжалап отыр.

Талантты өнерпаздардың шығармашылығын дамыту, насихаттау, жаңа есімдер шығару мақсатында облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде мәдени шаралар, байқау-конкурстар өткізіліп келеді.

Облыс әкімінің қолдауымен, орталық 1994 жылдан бастап Халық Қаһарманы, КСРО Халық артисі Р.Бағланова атындағы облыстық, қазіргі таңда республикалық деңгейдегі «Ақмаңдайлым» өншілер конкурсын, 2006 жылдан бастап композитор К.Дүйсекевтің республикалық «Туған жер» өншілер конкурсын, дарынды өнші, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Б.Шөкенов атындағы республикалық «Отан-Ана» эстрадалық өншілер конкурсын дәстүрлі ұйымдастырып, өткізіп келеді.

Сондай-ақ, 2011 жылдан бастап ұйымдастырылып келе жатқан мүмкіндігі шектеулі өнерлі балалардың «Жүрек жылы» облыстық өнер фестивалі өз нәтижесін көрсетіп, талантты өнерпаздар халықаралық фестивальдарға қатысып, жүлделермен оралып жүр.

Республика көлемінде Сыр елінің балалар шығармашылығы жоғары деңгейде дамыған жанр болып есептеледі. 1999 жылдан бастау алған облыстық «Бозторғай» конкурсы республикамызға танымал өнер иелерін жарыққа шығарған өміршең байқау.

Орталық жанында балалар студиясы жұмыс жасайды. 2020 жылға дейін студияға ҚР Еңбек сіңірген артисі Қаракөз Ақдәулетова жетекшілік етті.

2019 жылы Чехия Республикасының Прага қаласында өткен VII халықаралық «Diamond voice» конкурсына



Тұрмағамбет атындағы халықаспаптар оркестрі құрылды. Осы мерейтойға орай республикалық жыраулар сайысы мен ақындар мүшәйрасы өткізілді.

Санай берсек, Сыр мәдениетінің тәуелсіздік жылдарындағы атқарған толайым істері баршылық, игі шаралары мол.

2018 жылы облыс көлеміндегі ескерткіштердің 3D форматтағы интерактивті картасы әзірленіп, 150 ескерткішке QR-код тақтайшалары орнатылды. Осы жылы Қорқыт мұралары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізіліп, облыстық филармония жанынан «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылды. Осыған сәйкес, облыс мәдениет үйлері мен клубтарында қобыз үйірмелері ашылды.

Облыс мәдениет және өнер ұйымдарында дәстүрлі өнерді дәріптеуге арналған «Балалар тарауы», «Тау тула Тұрмағамбет», «Кино – тарих келбеті», «Сағынышқа айналған бейне» айдарлары, «Алтын уық» жобалары қолға алынды. Облыс музейлерінде «Тарихи тулғалар», «Бұл үйде кім тұрған?», «Музей радиосы», «Асыл мұра», «Жас өлкетанушы», «Киелі мұра» музейлік жобалары жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқу мәдениеті мен кітап оқу белсенділігін арттыру, кітап оқу мәртебесін көтеру және отбасылық кітап оқудың дәстүрлерін қолдау мақсатында «Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға тарту, кітап оқуды насихаттау және «Оқитын үлт – оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру бағытындағы 2021-2025 жылдарға арналған облыстық іс-шаралар жоспары» бекітіліп, «Сыр шаңырағы» Youtube каналында «Балалар әдебиеті» айдары ашылды.

Сондай-ақ, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақ даласында осыдан сегіз ғасыр бұрын құрылған алып империя Алтын Орданың мерейтойын атап өтіп, оның негізін қалаушы әрі қазақ хандарының тұтпасы Жошы ханның есімін ұлықтау жөніндегі бастамасы Сыр елінде өз деңгейінде көрініс тапты.

2020 жылы республикалық «Алтын домбыра» жобасы аясында айтыскер ақын Мұхтар Ниязов «Айттың ақтангері» атанып, үшінші мәрте «Алтын домбыра» сыйлығын жеңіп алды. Алтын домбыра салтанатты түрде Сыр еліне әкелініп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне құнды жәдігер ретінде қойылды.

Қазақстанның және КСРО халық артисі, Халық Қаһарманы Роза Бағланованың 100 жасқа толуына орай өншінің есімін мәңгі есте қалдыру үшін Қызылорда қаласында Роза Бағланованың ескерткіші бой көтеріп, «Ақмаңдайлым» республикалық өншілер конкурсы өтті.

Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының жауһар мұрасы «Шаһнама» дастанын насихаттау мақсатында «Шұғыла шаққан Шаһнама» атты дастан жырлаушылардың облыстық жыр фестивалі өтті.

Белгілі жырау Алмас Алматовтың «Шыңғыснама» тарихи дастаны алғаш рет республика жыршы-жырауларының қатысуымен жырланып, жұртшылық оны әлеуметтік желі арқылы тамашалады.

Сондай-ақ, облыстық мәдениет саласы осы жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді мемлекеттік тапсырыс негізінде ұйымдастыру жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар атқарды.

Бұл жоба – балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, оларға рухани-мәдени бағыт беру, жеткіншектердің бос уақытын мазмұнды және тиімді ұйымдастыру мүмкіндігі.

Сыр елінде талантты балалар көп. Қазіргі қазақ сахнасында жүрген Мәдина Сәдуақасова, Гүлнұр Оразымбетова, Алмас Кішкенбаев секілді дарынды өншілер осы Қызылордадан қанаттанды. Оларды Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қаракөз Ақдәулетова мен Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Таймановтың тәрбиелегенін білеміз.

Сыр өнері мен мәдениетінің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері, өрне, бір-екі парақтың көтерер жүгі емес, біз олардың оннан бірін ғана атап-түстеп отырмыз.

